

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министірлігі
Түркістан облысы Сарыағаш қаласы
ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасы

Әдістемелік кеңес хаттамалары

Сарыағаш қаласы
2024-2025 оқу жылы



Бекітемін
ЖШС «Радуга» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі:
У.О.Серибаева
«29» тамыз 2024 жыл

Әдістемелік кеңестер жоспары

№	Тақырыбы	Мерзімі	Жауаптылар
1	Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары: перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг; өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарын талқылау; Әдістемелік кеңес жұмыс жоспарын таныстыру. Жаңадан келген балалардың бейімделуіне жағдай жасау. 4. Ата-аналарды жұмыс түрлерімен таныстыру. Мектепке дейінгі мекемеде қолданылатын әдістемелік құралдармен таныстыру. 5. Әр түрлі мәселелер.	Қыркүйек	Әдіскер У.О.Серибаева
2	1. № 1 әдістемелік кеңес шешімінің орындалуы. 2. Балалардың әлеуметтік жағдайын талқылау. 3. Ертеңгіліктердің іс-шарасымен таныстыру, бекіту. 4. Қоршаған ортамен таныстыру, экология негіздері арқылы баланың эстетикалық талғамын қалыптастырудың маңызы. 5. Ағымдағы мәселелер.	Қараша	Педагог-психолог А.И.Рысбаева
3	1. № 2 әдістемелік кеңес шешімінің орындалуы. 2. Аралық Мониторинг қорытындысы. 3. Өзара ұйымдастырылған іс-әрекетіне қатысу, тәжірибе алмасу-тәрбиешілердің кәсіби өсуінің факторларының бірі. 4. Ертеңгіліктерге талдау жүргізу. 5. «Дидактикалық ойындар арқылы балалардың қызығушылығын арттыру».	Қаңтар	Әдіскер У.О.Серибаева

4	11. № 3 әдістемелік кеңес шешімінің орындалуы. 2. Жас мамандармен жұмысының барысы . 3. «Гулдер алаңы!» қолөнер көрмесі. 4. Ұлттық тәрбие негізі – балабақшада. 5. 8 наурыз халқаралық қыз-келіншектер және 22 наурыз мерекелерінің іс-шара жоспарларын бекіту.	Наурыз	Әдіскер У.О.Серибаева
5	1. № 4 әдістемелік кеңес шешімінің орындалуы. 2. Жылдық есепке дайындық. 3. Жазғы уақытқа сауықтыру шараларын түзу. 4. Қорытынды мониторинг қорытындысы. 5. Дамыту орталықтарын ұйымдастыру арқылы тәрбиеленушілерді дамыту. 6. Келесі жаңа 2025-2026 оқу жылына мақсат – міндеттер.	Мамыр	Әдіскер У.О.Серибаева

Түркістан облысы Сарыағаш қаласы ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасы

**Әдістемелік кеңес отырысын
Хаттама №1**

Уақыты: 06 қыркүйек 2024 жыл

Жүргізілу түрі: Кеңес

Әдістемелік кеңес төрайымы: У.О.Серибаева

Хатшы: Г.О.Кошикбаева

Қатысқадар:

№	Педагогтардың аты-жөні	Қызметі	Қолы
1.	У.О.Серибаева	Меңгеруші	
2.	Г.О.Кошикбаева	Тәрбиеші	
3.	Г.Бекмурзаева	Тәрбиеші	
4.	М.Жулдасова	Тәрбиеші	
5.	С.Бозорбаева	Тәрбиеші	
6.	М.Нурова	Тәрбиеші	
7	А.Балабек	Тәрбиеші	

Күн тәртібінде:

1.Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары:

- перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг;
- өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарын талқылау;

2.Әдістемелік кеңес жұмыс жоспарын таныстыру.

3.Жаңадан келген балалардың бейімделуіне жағдай жасау.

4.Ата-аналарды жұмыс түрлерімен таныстыру. Мектепке дейінгі мекемеде қолданылатын әдістемелік құралдармен таныстыру.

5. Әр түрлі мәселелер.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасының меңгерушісі: У.О.Серибаева 2024-2025 жаңа оқу жылының №1 әдістемелік кеңес отырысын бастады, қатысушылар саны-6 . Күн тәртібі барлық педагогтарға таныстырылды, биылғы өзгерістерге байланысты жаңа оқу жылынада балаларды жас ерекшелігіне байланысты топтастыру жұмысы жүйелі жүргізілді . Білім беру дағдыларының мазмұнын кіріктіруді балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес Үлгілік бағдарлама мазмұнын игерудің сабақтастығы мен

жүйелілігін қамтамасыз ете отырып тәрбиешілер Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес міндеттер жеке – жеке көрсетіліп, ортақ бір мониторинг, перспектива және циклограмма жоспары жасалды. Мектепке дейінгі білім беру педагогтары негізгі үш құжатты толтыру керектігі айтылды, олар перспективалық құжаттар, циклограмма, баланың жеке даму картасы.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасының меңгерушісі: У.О.Серибаева әдістемелік кеңес жоспарын педагогтарға таныстырып өтті, яғни жыл бойы атқаратын жұмыстарды таныстырды. Әдістемелік жоспар бойынша жаға оқу жылы барысында атқарылатын жұмыстарды өз уақытында жүйелі орындалып отыруы қажет.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасының меңгерушісі: У.О.Серибаева «Еліміздің ертеңі – бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздың қолында» – деп елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ тәрбиелеуде тәрбиешілеріміздің еңбегі зор. Биылғы жылы 2024 жылы балабақшамыз жаңадан қабылданған балалармен тәрбиешілер баламен жақын қарым қатынаста бола білу керектігін айттып өтті. Қабылданған балалар Ересектер «Звёздочки» тобы, ортаңғы «Улыбки» тобы, ортаңғы тобы және кіші «Капельки» топтарына қабылданды. Ауыр бейімделуге жататын бала жоқ, бейімделу көбінде жеңіл және орташа өтіп жатыр. Ата –аналар бұрын балабақшаға бармаған балаларын үйрету мақсатында түске дейін қалдырып үш күн бақылап жүр.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасының меңгерушісі: У.О.Серибаева ата-аналармен жұмыс түрлерімен таныстырды. Мәселен дөңгелек үстелдер, жиналыстарға шақыру қағаздарын беру, ата-анаға ыңғайлы уақытты тыңдау, жеке кездесу, жас ата –аналармен кездесу, әжелермен кездесу ұйымдастыру, әлеуметтік жағдайларына мән беру, ертеңгіліктерге қатыстыру. Балабақшада қолданылатын әдістемелік құралдармен таныстырды. Дамытушы ортаның топтарда міндетті түрде болу керектігі және кітап бұрышы, табиғат бұрышы, ұлттық бұрыштардың болуы керектігі айтылды.

Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасының меңгерушісі: У.О.Серибаева алда жасалатын іс-шара жұмыстарына тоқталды. Қыркүйек айында өтілетін Сәндік-қолданбалы "Күз сыйлықтары" тақытыбында қол өнер көрмесі тәрбиелік шаралар ұйымдастырылып өткізу жоспарланды. Бұл шараны өткізу барлық топ тәрбиешілеріне жүктерді. 25-ші қазан Республика күніне орай топтарда ашық есік күні (ата-аналардың қатысуымен) өткізіледі. Әрбір мерекенің тәрбиеленушілерге тәрбиелік мәні зор. Сондықтан барлық іс-шараларды жоғары деңгейде дайындап өткізу тәрбиешілердің балалармен жүргізілетін жұмыстарының нәтижесін көрсететіндігіне тоқталып өтті. Қазан айында «Алтын күз» мерекесіне орай балабақшамызда «Қош келдің Алтын күз» атты тақырыбында топ тәрбиешілерге сценарилерін дайындап , өткізілетін уақытын

белгілеу тапсырылды. Әрбір мерекенің тәрбиеленушілерге тәрбиелік мәні зор. Сондықтан барлық іс-шараларды жоғары деңгейде дайындап өткізу тәрбиешілердің балалармен жүргізілетін жұмыстарының нәтижесін көрсететіндігіне тоқталып өтті.

Шешімі:

- 1.Педагогтар құжаттарын талапқа сай толтыру, перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг жұмыстары бекітілген мезімі бойынша жұмыстары жүйелі жүргізілсін.
- 2.Әдістемелік кеңес жұмыс жоспарының талаптары сақталуы қадағалансын.
- 3.Жаңадан келген балалардың балабақшаға бейімделуіне жағдай жасалынсын.
- 4.Ата-аналарды тығыз байланыс жүргізілсін. Мектепке дейінгі мекемеде қолданылатын әдістемелік құралдармен таныстыру жұмысы жүйелі жүргізілсін.
5. Әр түрлі мәселелерде талқыланған жұмыстар нәтижелі болуы қадағалансын.

Әдістемелік кеңес төрайымы:



У.О.Серибаева

Хатшы:



Г.О.Кошикбаева

Түркістан облысы Сарыағаш қаласы ЖШС «Радуга»бөбекжай балабақшасы

**Әдістемелік кеңес отырысың
Хаттама №2**

Уақыты: 18 қараша 2024 жыл

Жүргізілу түрі: Кеңес

Әдістемелік кеңес төрайымы: У.О.Серибаева

Хатшы: Г.О.Кошикбаева

Қатысқадар:

№	Педагогтардың аты-жөні	Қызметі	Қолы
1.	У.О.Серибаева	Меңгеруші	
2.	Г.О.Кошикбаева	Тәрбиеші	
3.	Г.Бекмурзаева	Тәрбиеші	
4.	М.Жулдасова	Тәрбиеші	
5.	С.Бозорбаева	Тәрбиеші	
6.	М.Нурова	Тәрбиеші	
7.	А.Балабек	Тәрбиеші	

Күн тәртібінде:

1. № 1 әдістемелік кеңес шешімінің орындалуы.
- 2.Балалардың әлеуметтік жағдайын талқылау.
3. Ертеңгіліктердің іс-шарасымен таныстыру,бекіту.
4. Қоршаған ортамен таныстыру, экология негіздері арқылы баланың эстетикалық талғамын қалыптастырудың маңызы.
5. Ағымдағы мәселелер.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасының тәрбиеші А.Балабек сөз алды №1 әдістемелік кеңестегі мәселерге тоқталып өтетін болсам, тәрбиешілер мемлекеттік стандарт талаптарына сай топтарда бекітілген кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекеттері жүргізіліп жатыр. Педагогтар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 14.10. 2022 жылғы № 422 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде білім беруде. Әдістемелік нұсқаулық хат негізінде тәрбиешілер құжаттарын толтырылып , перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг жұмыстары жүйелі жүргізіліп жатыр. Жаңадан келген

балалардың балабақшаға бейімделуіне жағдай жасалынсын. Тәрбиешілер ата-аналармен байланыс жұмыстарын жүргізілуде. Мектепке дейінгі мекемеде қолданылатын әдістемелік құралдармен таныстыру жұмысы жасалынды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасының меңгерушісі: У.О.Серибаева балалардың әлеуметтік жағдайы талқыланды, отбасылық жағдайларын анықтап, балабақшада тұл жетім балалар жоқ, мүгедек бала жоқ, анасы жоқ бала жоқ екендігі анықталды.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасының меңгерушісі: У.О.Серибаева ертеңгіліктер түзген кезде балалардың жас ерекшелігіне сай тақырыбын мақсатын сәйкестендіру, балалардың киімдеріне мән беру, балалардың көңіл-күйлерін түсіретін туралы көріністер қойдырмау, көңілді әуендермен жасына сай ән мен билерді қою, ертеңгіліктерге ата-аналарды қатыстыру ұсынылды. Неше түрлі отшашуларды қолдануды ұсынды.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасының меңгерушісі: У.О.Серибаева сөз алды табиғатқа деген сыйды жоғалту, адамзаттың адамгершілік құндылықтарын жоғалтуға әкеліп соқтырады. Қазіргі уақыттағы әлемдегі экологиялық жағдай адам көзқарасының өзгеруін талап етеді. Экологиялық тәрбие мектепке дейінгі жастан басталуы тиіс, себебі балалық шақтың осы кезеңінде бала табиғат туралы моционалды әсерде болады, өмірдің әртүрлі нысандары туралы түсінік, яғни өсіп келе жатқан жас ұрпақта жаңа экологиялық ойлаудың, сананың негіздері қалыптасады, экологиялық мәдинеттің бастапқы элементтері болып қаланады. Экологиялық тәрбие жұмысын жүргізу, оқытудың негізгі формаларын бақылау, қызықтау, серуен болып табылады. Тәрбиешінің табиғи нысандары мен табиғат құбылыстарын бақылауды ұйымдастыруы, балаларды табиғатпен таныстырудың негізгі мәселесі болып табылады. Бақылау кезінде балаларды таза ауада, көз тартар әдемі гүлдер мен ағаштар арасында болуы көтеріңкі көңіл-күймен қатар табиғат сұлулығын сезіне білуіне орасаң зор әсер ететіні айдан анық. Ал серуен кезінде, тәрбиеші балаларды бізді қоршаған әсем табиғатпен таныстырып, өсімдіктерге су құю, жерге түскен сарғайған жапырыақтарды бірге жинау, ағаш түптерін тазалау т.б сол сияқты қарапайым еңбек түрлеріне қатыстырады. Мұндай еңбек түрлерін орындау, балалардың еңбекке деген жауапкершілік сезімдерін күшейтіп, ынтасын арттырады. Балаларға өлі және тірітабиғатпен одан әрі таныстырып, табиғат құбылыстары жайында бастапқы жалпылама ұйымдарды нақты түрде меңгерту ұсыныларды. Қорытындылай келе балаларға өз табиғатымызды аялап таза ұтап, оның әсемдігімен таныстыра отыра, өзіміздің өмір сүруімізге сонмен қатар денсаулығымызға зор әсер ететіндігін, табиғат пен адамдар тығыз байланыста

екендігін, бір-бірінсіз тіршілік болмайтынын түсіндіре отыра қоршаған ортаға деген қызығушылықтарын арттыруға, қамқор болуға, қорғауға тәрбиелеуіміз керек. Сонда ғана табиғатымыздың ауасы таза, берер құдіреті көп болмақ деген ойдамын деп баланың эстетикалық талғамының, табиғатқа деген қамқорлық сезімін қалыптасуының маңызын толығымен түсіндіріп өтті.

Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасының меңгерушісі: У.О.Серибаева сөз алды балабақшадағы бекітілген күн тәртіптен ауытқымай жұмыс жүргізілу керек екенін айтып өтті. Тәлімгерлердің жас мамандармен тығыз байланыста болу керек екенін айтып өтті. Ұйымдастырылған іс-әрекеті барысында балалармен жасалатын жұмыстарында сақтық шараларды сақтап жұмыс жүргізілу керек, сонымен қатар тазалықты да балаларды қалыптастыру біздің міндетіміз екенін айтып өтті. Балалабақшадағы әр түрлі мәселелер талқыланды.

Шешімі:

1. № 1 әдістемелік кеңес шешімі қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Балалардың әлеуметтік жағдай бақылансын.
3. Барлық топтардың жаңа жылдық ертеңгілік іс-шарасының жұмыс жоспарлары бекітілсін.
4. Қоршаған ортамен таныстыру, экология негіздері арқылы баланың эстетикалық талғамын қалыптастыру жұмысы жүргізілсін.
5. Ағымдағы аталып өткен мәселелер жұмыс барысында жүйелі жасалынсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы:



У.О.Серибаева

Хатшы:



Г.О.Кошикбаева

Түркістан облысы Сарыағаш қаласы ЖШС «Радуга»бөбекжай балабақшасы

**Әдістемелік кеңес отырысың
Хаттама №3**

Уақыты: 18 қаңтар 2025 жыл

Жүргізілу түрі: Кеңес

Әдістемелік кеңес төрайымы: У.О.Серибаева

Хатшы: Г.О.Кошикбаева

Қатысқадар:

№	Педагогтардың аты-жөні	Қызметі	Қолы
1.	У.О.Серибаева	Меңгеруші	
2.	Г.О.Кошикбаева	Тәрбиеші	
3.	Г.Бекмурзаева	Тәрбиеші	
4.	М.Жулдасова	Тәрбиеші	
5.	С.Бозорбаева	Тәрбиеші	
6.	М.Нурова	Тәрбиеші	
7.	А.Балабек	Тәрбиеші	

Күн тәртібінде:

1. № 2 әдістемелік кеңес шешімінің орындалуы.
2. Аралық Мониторинг қорытындысы.
3. Өзара ұйымдастырылған іс-әрекетіне қатысу, тәжірибе алмасу-тәрбиешілердің кәсіби өсуінің факторларының бірі.
4. Ертеңгіліктерге талдау жүргізу.
5. «Дидактикалық ойындар арқылы балалардың қызығушылығын арттыру».

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі М.Жулдасова сөз алды № 2 әдістемелік кеңесте қаралған мәселелер бойынша тәрбиешілер балалардың әлеуметтік жағдайын бақылау жұмыстарын бақылауда. Барлық топтардың жаңа жылдық ертеңгілік іс-шарасы жақсы деңгейде өткізілді. Ескерту алған тәрбиешілер өздерінің ескертілген кемшіліктерімен жұмыс жасауда. Қоршаған ортамен таныстыру, экология негіздері арқылы баланың эстетикалық талғамын қалыптастыру жұмысытары жүргізілуде.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі С.Бозорбаева сөз алды қатысушылардың тізімін түгелдеді. Кезекті әдістемелік отырысын күн тәртібінде қаралатын міселелермен таныстырып өтті. Мекетеп жасына дейінгі балардың біліктері мен дағдыларының дамуына, аралық мониторинг жүргізілген жұмыстарын топ тәрбиешілерге тоқталып өтуін ұсынды. Топ тәрбиешілері аралық мониторинг қорытындыларын оқып шықты. Бастапқы мониторингте жеке даму парақшасында үлгерімі төмен көрсетілген балалармен жұмыс жүргізілгенін айтып өтті.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасының меңгерушісі: У.О.Серибаева өзара ұйымдастырылған іс-әрекетіне қатысу, тәжірибе алмасу-тәрбиешілердің кәсіби өсуінің факторларының бірі. Балабақша тәрбиешісі М.Нурова сөз алды «Келер ұрпақтың зор жауапкершілік арқалап келеміз» деген Елбасымыздың сөзі ұстаз қауымына үлкен тапсырыстарды артып отыр. Өзара ұйымдастырылған іс-әрекетіне қатысу, тәжірибе алмасу барысында білім беру жүйесіндегі өзгерістер мен түбегейлі жаңарулар дәуірінде тәрбиеші алдында тұрған мақсаттар мен міндеттердің салмағы орасан зор болып табылады. Тәрбиеші ізденуші, зерттеуші, өнертапқыш, шығармашылықпен жұмыс істейтін жан-жақты жаңашыл болуы керек. Жан-жақты іздену арқылы сіз өз біліміңізді жетілдіруді қамтамасыз ете аласыз. Әр педагог-тәрбиеші аптасына кем дегенде 3-4 ұйымдастырылған іс-әрекетіне кіру қажет. Тәрбиешілерге тек жалықпай, ізденісін тоқтатпай ұстаздықтың ұлы жолында ұлы абыройға кенеліп, шәкірт тәрбиелей беруге зор тілек білдіремін.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасының меңгерушісі: У.О.Серибаева сөз алды жаңа жылдық сахна өте керемет деңгейде безендірілген, балалардың киімдері мерекеге сай ашық түсті көз жанарын алып тұр. Ертеңгілік жүргізу барысында жүргізушілерге алғысым шексіз, өздеріне жүктелген тапсырманы керемет атқарып шықты. Кейіпкерлер өздеріне берілген рольдерін жоғарғы деңгейде ойнап шықты. Топ тәрбиешілеріне балаларын тақпақ айтуға шыққанда бір бірлеп, немесе үш баладан ғана шығаруларын ескертті, тақпақтарды жасына сәйкес алуларын тілдерінің анық айтылуын қадағалауды ескертті.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасының тәрбиеші және психологы Г.О.Кошикбаева сөз алды «Дидактикалық ойындар арқылы балалардың қызығушылығын арттыру» атты тақырыпта өздеріңізбен дөңгелек үстел жасағалы отырмын.

В.С.Сухомлинский «Ойынсыз ақыл ойдың қалыпты дамуыда жоқ және болуы да мүмкін емес» Ойын арқылы балалар көп нәрсені үйреніп тез ұғынып сол ойынға

қортынды жасапта үйренеді. Дидактикалық ойындардың түрлері: ойын-саяхаттар, ойын-тапсырмалар, ойын-болжамдар, ойын-жұмбақтар, ойын-әңгімелер, ойын-өлеңдер. Баланың танымын алғашқы күннен бастап дамытудың, бойында оқыту мен тәрбиелеудің негізін қалыптастырудың құралы – ойын әрекеті, яғни, ойын – баланың жетекші әрекеті. Бірақ, ойын тек қана балаларды қызықтырып, уақыт өткізудің құралы болмай, балаға берілетін білім мен тәрбиенің құнды негізі болуы керек. Яғни, оқыту-тәрбиелеу жұмысын бағдарлама талаптарына сәйкес ойын түрінде ұйымдастыра отырып, баланың логикалық ойлау қабілетін арттыруға жағдай жасау негізгі міндет. Бала ойын барысында айнала құбылыс сырын танып сезінеді, себеп-салдарлық байланысты және тәуелділікті анықтауға тырысады. Айналадағы өмір құбылыстарын, ерекшеліктерін байқай отырып, білуге қызығушылығы туындайды осы сезім оны талпыныстарға жетелейді.

Ойын негізінде ойлай отырып, тапсырмалары өзінше зерттеп, орындау, өзінше шешім жасау өз ойындағысын айту жағдайларына мүмкіндік туғызылса ғана бала еркін ойлы, өзіне сенімді, ерік-жігерлі, дүние танымы кеңейген, сөйлеу тілі жақсы қалыптасқан, болашаққа қызығушылығы ояңған дара тұлға ретінде жан-жақты дами алады.

Ойын дегеніміз – адамның ақыл-ойын дамытатын, қызықтыра отырып ойдан-ойға жетелейтін, тынысы кең, алысқа меңзейтін, қиял мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе. Ойын адамның мінез – құлқын өз басқаруымен анықталатын қоғамдық тәжірибені қалыптастыруға арналған жағдаяттар негізіндегі іс – әрекеттің бір түрі нәресте заттық іс-әрекетті бірте-бірте ойын әрекетіне ауысады барлық адам тұлға ретінде даму ерекшелігінде ойын әрекетін бастан кешіреді сәбилік кезінен бастап бала өзін қоршаған ортаны өмір сүріп отырған айналасындағы заттар мен құбылыстарды ойын арқылы түсініп ұғынады тек көру, сипап, сезу байқап тану емес тікелей араласып іс – әрекетке көшуін нақты қарым – қатынас барысында біледі.

Баланың қоғамда осындай ерекше орыны оның үлкендер өміріне араласуының айрықша түрі болып саналатын рөлдік ойынның пайда болуының негізіне айналды. Баламен жұмыс істеу ойынында ойынмен әсер ету арқылы басқаға немесе оның өзгеруіне көп күш кетпейді. Ойынмен әсер етудің мақсаты баланың өзін-өзі тану мен басқарудан тұрады.

Ойын әсері арқылы адам баласының белгілі бір буыны қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психикалық ерекшеліктері қалыптасады. Бала ойынында қоғамдық, ұжымдық сипат болады ойын қызметіне деген биімділік бәрінде болмайды және ол темперамент ерекшеліктеріне тәуелді болады. Ұялшақ бала ақыл-ой қызметі, спорттық немесе компьютерлік ойындарды қалайды. Бірақ бұл тең ауысым емес.

Еліміздің болашағы жас ұрпақты тәрбиелеу, мектепке дейінгі мекемелерден бастау алады. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен білім беру баланың ғана емес

еліміздің болашағын қалайтын естен шығармауымыз керек осы балаларға саналарына ойынның маңызы өте қажет.

Ойын-ойнап ән салмай, өсер бала болар ма-дегендей ойын балалардың таным процестерін дамытудың маңызды құралы. Сондықтан мен өз қызыметімді ойындарды қолдана отырып, балалардың қызығушылығын арттырып, сөздік қорларын көбейтіп адамдар мен қарым-қатынасын бейімдейміз. Қоршаған орта туралы түсініктерін молайтамыз.

Дидактикалық ойын арқылы балалардың білім алуға, оқуға қызықтыра отырып, тұлғалы дамуын қалыптастыруға болады. Мазмұны бойынша барлық дидактикалық ойындар балабақша бүлдіршіндерінің ақыл ой белсенділігін қалыптастырудың маңызды құралы бола отырып, олардың бағдарлама материалының негізгі тақырыптары бойынша алған білімдерін тереңдете түсуді, пысықтауды көздейді. Бұл дидактикалық ойындар балабақша бүлдіршіндердің оқу қызыметінде жұмысын түрлендіре түседі. Себебі оқу, еңбек, іс-әрекеттерімен бірге балалардың өмір сүруіне маңызды бір түрі.

Дидактикалық ойын арқылы балалардың білім алуға, оқуға қызықтыра отырып, тұлға дамуын қалыптастыруға болады. Мазмұны бойынша барлық дидактикалық ойындар балабақша бүлдіршіндерінің ақыл-ой белсенділігін қалыптастырудың мазмұнды құралы бола отырып, олардың бағдарлама материалының негізгі тақырыптары бойынша алған білімдерін тереңдете түсуді, әрі пысықтауды көздейді. Дидактикалық ойындар балабақша бүлдіршіндердің сабақ үстіндегі жұмысын түрлендіре түседі. Себебі, ойын-оқу, еңбек іс-әрекеттермен бірге балалардың өмір сүруіне маңызды бір түрі. Балалармен жұмысында деңгейлік дидактикалық ойындар көп орын алады. Оларды әр ұйымдастырылған іс-әрекетінде және балалардың өз бетінше жұмыс істегенінде қолданамын. Дидактикалық ойын оқудың бөлшегі болып табылады. Ол оқу іс-әрекетін меңгеруге, бекітуге, танымдылық қызыметінің әдісін меңгертіп көмектеседі. Балаларды заттың сын-сипатын біліп, қортындылауға, салыстыруға жүйелеуге үйретеді. Дидактикалық ойын сабақтың құрамдық бөлшегі болып табылады. Ол ұйымдастырылған іс-әрекетін меңгеруге, бекітуге, танымдылық қызыметінің әдісін меңгеріп көмектеседі. Дидактикалық ойындар тақырыпқа байланысты қолданылады. Тапсырма берер алдында оны балаларға түсіндіру, тексеру қажет. Дидактикалық ойындар, ойын тапсырмалар біртіндеп күрделенеді, сондықтан оларды ретімен орындату қажет. Әрбір ойынға балалар қызыға қатысады. Дидактикалық ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндеттерді шешеді. Дидактикалық ойынның мақсаты бағдарламада анықталған білім, білік, дағдыларын және түсінік беру, оларды қалыптастыру тиянақтау және пысықтау немесе тексеру сипатында болып келеді. Дидактикалық ойынның міндеті балалардың қызығушылығын оятып, белсенділігін арттыру мақсатында іріктеліп алынған нақты мазмұнымен анықталады. Дидактикалық ойындар-балабақша бүлдіршіндері үшін өзіне тән жүру барысы, мақсаты, маңызы бар әрекет болып табылған.

Мысалы: «Бауырсақ» ертегісінің желісімен орманға саяхат жасай отырып, кездесетін аңдарды атап, оның ерекше қабілеттерін сипаттап көрсету. Ойын-

болжамдар. Бұл ойындар «Не болар еді?», «Мен не істер едім, егер» деген сұрақтарға негізделеді. Ойынның дидактикалық мазмұны балалардың алдына проблемалық міндет пен ситуацияны қоюда ерекшеленеді. Ойын-әңгімелер. Ол тәрбиешінің балалармен, балалардың тәрбиешімен және балалардың балалармен қарым-қатынасына негізделеді. Бұл қарым-қатынас ойын мазмұнында ерекше сипатқа ие. Ойынның құндылығы – олар эмоционалды түрде белсендіруге, бір сөзділікке, өзара әрекет жасауға, бірлесіп ойнауға мүмкіндік туғызады.

Ойын-өлеңдер. Ойын барысында өзгеріссіз жиі кездесетін ұсақ өлең түрі. Олар ойынның бір шарттарына байланысты орындалады. Мысалы, «қаламақ» ойнаушының қалауын тақпақтата білдіретін ойын-өлеңдер қатарына жатады. «Алма кетті домалап, өзен бойын жағалап». Балалардың басты іс-әрекеттерінің бірі – ойын. Сондықтан біз ойын технологияларын әрдайым түрлендіріп пайдаланамыз. Қоғамымыздың даму бағытында жан-жақты дамыған сауатты, саналы азамат тәрбиелеу мәселесі жүктеліп отыр. Тәрбие мен білім негізі балабақшада басталатындықтан, балалардың білімді, білікті болуында ойынның алатын орны ерекше.

Шешімі:

1. № 2 әдістемелік кеңес шешімі қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Тәрбиеленушілерден алынатын қорытынды мониторинг мектеп жасына дейінгі балардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізудің әдістемелігін негізге алып жүйелі жүргізілсін.
3. Өзара ұйымдастырылған іс-әрекетіне қатысып, тәжірибе алмасу-тәрбиешілердің кәсіби өсуіне жағдай жасалынсын.
4. Ертеңгіліктерге талдау барысында ескертілген қателіктер келесі іс-шараға дейін түзетілсін .
5. Дидактикалық ойындар арқылы балалардың қызығушылығын арттыру, атты дөңгелек үстелдегі тиімді және ұтымды жерлерін ұйымдастырылған іс-әрекет барысында пайдаланылсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы:



У.О.Серибаева

Хатшы:



Г.О.Кошикбаева

Түркістан облысы Сарыағаш қаласы ЖШС «Радуга»бөбекжай балабақшасы

**Әдістемелік кеңес отырысың
Хаттама №4**

Уақыты: 03 наурыз 2025 жыл

Жүргізілу түрі: Кеңес, дөңгелек үстел.

Әдістемелік кеңес төрайымы: У.О.Серибаева

Хатшы: Г.О.Кошикбаева

Қатысқадар:

№	Педагогтардың аты-жөні	Қызметі	Қолы
1.	У.О.Серибаева	Меңгеруші	
2.	Г.О.Кошикбаева	Тәрбиеші	
3.	Г.Бекмурзаева	Тәрбиеші	
4.	М.Жулдасова	Тәрбиеші	
5.	С.Бозорбаева	Тәрбиеші	
6.	М.Нурова	Тәрбиеші	
7.	А.Балабек	Тәрбиеші	

Күн тәртібінде:

1. № 3 әдістемелік кеңес шешімінің орындалуы.
2. Жас мамандармен жұмысының барысы .
3. «Гулдер алаңы!» қолөнер көрмесі.
4. Ұлттық тәрбие негізі – балабақшада.
5. 8 наурыз халқаралық қыз-келіншектер және 22 наурыз мерекелерінің іс-шара жоспарларын бекіту.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі А.Балабек сөз алды № 3 әдістемелік кеңесте талқыланған мәселерде тәрбиеленушілерден алынатын қорытынды мониторинг мектеп жасына дейінгі балардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізудің әдістемелігін негізге алып жүйелі жүргізілуде . Өзара ұйымдастырылған іс-әрекетіне қатысып, тәжірибе алмасу-тәрбиешілердің кәсіби өсуіне жағдай жасалынуда. Ертеңгіліктерге талдау барысында ескертілген қателіктерімен жұмыс жүргізілуде . Дидактикалық ойындар арқылы балалардың қызығушылығын арттыру, атты дөңгелек үстелдегі тиімді және ұтымды негізге алып ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде пайдалануда.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі: С.Бозорбаева биылғы оқу жылы бір әріптесімнің

бойындағы тәжірибеге өзгеріс енгізі мақсатында тәлімгер ретіндегі жұмысымды жүзеге асырамын. Әріптесім А. Балабекті тәлім алушы ретінде таңдаған себебім, менің іс тәжірибені өз ара талқылау барысында, әріптесім өзі қызығушылық танытып өз қажеттілігіме көмек болады деп өзі «өтініш» білдірді. Дегенімен де балабақша әкімшілігімен, әдістемелік бірлестігі жетекшісімен бірге жұмыс жасауына келісті. А. Балабек апайдың жауапкершілі бар тәрбиеші. Жаңалыққа жаны құмар әлем өзгеруде, педагог өзгеру керек деген мақсатқа түсіністікпен қарап, тәлім алушы болуға қызығушылығы жоғары деп айта аламын. Тәлім алушымен жұмыс жасау үшін деректер жинау мақсатында ұйымдастырылған іс әрекеттеріне қатыстым. Тәрбиеленушілердің іс-әрекетін, тәрбиешінің шеберлік қырларын ашу керек екенін байқадым, оқыту әдісін, баламен арасындағы іс-әрекетін анықтады өзіме түйіп алған мәселелеріммен тәлім алушыыммен ары қарай жұмыс жүргіземін.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасының меңгерушісі: У.О.Серибаева сөз алды, ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасында 2025 жылдың 8 наурызында балабақшамызда бірлескен жұмыстар көрмесі ұйымдастырылып өткізілді. 8-і күні жылдың ғажайып мезгілі көктем 8 наурыз Халықаралық қыз келіншектер мен аналар мерекесіне орай гүлдер алаңы көрмесі ұйымдастырылды. "Гүлдер алаңы" тақырыбындағы көрмеміз ата-аналарымыздың қолынан шыққан қол өнер туындыларымен ерекшелінді. Бұл көрмені безендіруге барлық топтар, тәрбиешілер мен ата-аналар қатысты. Балалар ата-аналарымен жасаған жұмыстары арқылы таңғажайып қиял мен шығармашылықтарын көрсетті. Көрме өте тартымды және мерекелік көңіл – күйде өтті. Көрменің қорытындысына сай үздік деп танылған жұмыстар марапатталады. Балалардың тілін көркем сөз арқылы музыка әуенін үйлестіре білуге жаттықтыру. Дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып қызғалдақ гүлдің суретін салуға қызығушылығын арттыру. Қызғалдақ гүлін мүсіндеуге, Бәйшешек гүлін жапсыруға үйрету. Көктемгі гүлдер туралы түсінік беру. Ұжымдық жұмысы арқылы өзара бірлестік, серіктестік нәтижеге жету. Эстетикалық, шығармашылық қабілеттерін, саусақ бұлшық еттерін дамыту.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасының меңгерушісі: У.О.Серибаева сөз алды, бүгінгі №4 әдістемелік кеңесімізде балабақша тәрбиешісі: Г.Бекмурзаева «Ұлттық тәрбие негізі-балабақшада» атты тақырыбында дөңгелек үстелін өткізгелі отыр. ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі: С.Бозорбаева сөз алды.

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ НЕГІЗІ – БАЛАБАҚШАДА

Тәрбиенің негізі отбасында қалыптасады дегенмен мұнан кейін балабақшаның да ролі зор. Ұлттық тәрбиеден салт – дәстүрден нәр алып өскен ұрпақ қай кезде де аталар аманатына адал боларына кәміл сенеміз. Ұлттық салт-дәстүрді мәдениетпен өнерді насихаттау – тәрбиенің төресі. Бала көкпар, бәйге, қыз қуу, теңге алу, аударыспақ т.б ойындарымыз арқылы қазақи қайнардан

тәлім алса ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп өседі. Балабақшадағы сәбилерге жоғары деңгейдегі ұлттық сана сезімді, рухани мұраларға және ұлттық мәдениетке деген құндылықтарды, отан сүйгіштік, ұлттық намыс сезімдерін қалыптастырады. Балабақшадағы ұлттық тәрбие берудің мақсаты: Ұлтжандыққа отан сүйгіштікке, тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін терең меңгеруге, ана тілін қадірлеуге үйрету. Балабақшадағы ұлттық тәрбиенің міндеті ата бабамыз қолданған үрдіс пен бүгінгі жаймен саралап, халықтық педагогиканың асыл мұралары негізінде саналы тәрбие беруді қиыстыру.

Балабақшадағы ұлттық тәрбиенің өзектілігі тәрбиеленуші сәбилерді рухани ізгі қасиеттерге баулып, тәрбиенің көздері ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеуге халықтың салт – дәстүрлерін аялай білуге ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу болып табылады. Сәбилердің жас ерекшелігін ескере отырып елін жерін қорғауда атадан балаға мирас болып қалған тарихын салт-дәстүрін, ана тілін қастерлеу, үлкенге – құрмет кішіге ізет көрсетуін мұра етіп, тәуелсіз еліміздің парасатты адамгершілігі биік білімді азаматтарын тәрбиелеуде адами қасиеттерді қамтып білімді ұлттық қасиетті түсінетін тұлға тәрбиелеу. Қайырымдылықты – халықтан, пайымдылықты – қариядан үйрен деген ұлтымыздың тал бесіктен жер бесікке дейінгі екі аралықтағы өмірінің мәні боларлық адами қасиеттермен әдет ғұрыпты оқу қызметін ұйымдастыруда үйреніп, алдағы өмірлерінде арқау болатынын ұғындыру. Бүгінгі ғаламдану процесінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен өзінің бет-бейнесін, ізгі дәстүрлерін сақтау жолындағы күрес ұлттық сананы сақтау күресі екенін түсіну. Ұлттық тәрбие деп жеке тұлғаның ұлттық сана сезімі мен мінез-құлқының ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрлерді меңгеруі негізінде қалыптасуын айтамыз. Серғазы Қалиев этнопедагог, профессор: – Ұлттық тәрбиені балабақшадан бастауымыз керек. «Не ексең, соның орасың» демекші, балаларымызды қандай жолға бастасақ, олардың сол бағытты алатыны белгілі. Ал біздің ата-бабаларымыздан қалған асыл мұрамыз – тәрбиеміз қазақтан басқа ешкімде жоқ үлгі.

Жеке тұлғаны ұлттық тәрбие арқылы дамыта отырып, нақты әрекет арқылы оқытуда төмендегі құндылықтардың болуы қажет: – белсенді қарым-қатынас: баламен тәрбиешінің әрбір мәселеде өз көзқарастарын білдіріп отыруы; – индивидуалдік: тәрбиешінің әр жеке баланың ерекшелігін дамытуы, қоғам алдындағы жауапкершілігінің болуы; – өзіндік тәртіп: өзіндік бақылау мен бағалауды, шешім қабылдауды үйрену және оны дамыту; – шыдамдылық: әр түрлі пікірлерді қабылдай алу, бір-бірінің пікірлері мен ерекшеліктерін құрметтеу, қабылдау.

Бала тұлғасына ұлттық тәрбиені беруде, ұйымдастырылған оқу қызметінің мәні неде?

1. Бала тұлғасына ұлттық тәрбиені ұйымдастырылған оқу қызметі – адамның қалыптасуы, тұлғаның өз мәдениетінің субъектісі болуына көмектесу, шығармашылық өмірге үйрету.

2. Бала тұлғасына ұлттық тәрбиені ұйымдастырылған оқу қызметі сырттан

келетін тәрбиелеу емес, адам бойынан адамдықты табу,оны қолдау және дамыту негізінде өзін-өзі реттеуге, тәрбиелеуге әкеледі. Сол арқылы өзіндік болмысы, санасы бар тұлғалық бейне қалыптасады.

3.Бала тұлғасына ұлттық тәрбиені ұйымдастырылған оқу қызметі— адамның дене және рухани денсаулығы, адамгершілігі, бостандығы. Ол — тұлғаны түсіну, өзара түсіністік, ынтымақтастық қарым-қатынастың, салауатты өмір мен парасаттылықтың, өзіндік қатынастың негізін қалау.

4.Бала тұлғасына ұлттық тәрбиені ұйымдастырылған оқу қызметі тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталады.Сондықтан оның мазмұны баланың өзін тұлға ретінде дамыту үшін, өз өмірінің субъектісі болу үшін жағдай туғызуға негізделеді.

Біз өзіміз, яғни тәрбиешілер қауымы қазақ халқының ұлттық салт — дәстүрін толық білеміз бе? Осы төңіректе біз ойланып көрейікші. Халқымыздың әдет ғұрыпын, салт-дәстүрін, ата-ана, тәрбиеші өзі толық білмей тұрып, балаларға ұлттық тәрбие беруі мүмкін емес. Қай заманда болсын, ұлттық өрлеудің халықтық қалыптасудың ең негізгі шарты —білім. Ұлттық тәрбиенің өрісі мен өресі —бүгін де, ертең де, халық үшін көкейтесті мәселе .Ұлттық мәдениет болмаса ұлт сақталмайды. Ал балабақша ұлттың да, ұлттық мәдениеттің де, өмір сүруімен дамуының алғашқы баспалдағы болып саналады.

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа-адамгершілік-рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен тәрбиешілер шешуші роль атқарады. Сондықтан да қазіргі кезде халқымыздың ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан салт дәстүрі мен әдет ғұрыптарын қымбат қазына ретінде бағалап балабақшадағы тәрбие жұмысын кешенді ұйымдастыру жағына көңіл бөлуіміз қажет. Адам баласы дүниеге келген күннен бастап үнемі салт-дәстүр аясында өседі . Бала тәрбиесінде халықтық, тұрмыстық салт-дәстүрдің туу себептерін, даму ерекшеліктерін ашып көрсетудің тәрбиелік мәні зор. Мектепке дейінгі мекемелерде балалардың жас ерекшеліктеріне сай ата —баба дәстүрі мен халықтық педагогиканы басшылыққа алып, тәрбие жұмысын ғылыми негізде ұйымдастырып, ұтымды жүргізе білуіміз қажет.

Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасының меңгерушісі: У.О.Серибаева сөз алды құрметті қыз келіншектер, сіздерді алда келе жатқан көктемнің алғашқы мерекесі 8 наурыз мерекесімен шын жүректен құтықтаймын. Балабақша тәрбиешісі: М.Жулдасова сөз алды, наурыз айында алдымызда атқаратын екі іс-шарамызға дайындық жұмыстары жүргізіліп жатыр. Ертеңгілік сценарилеріміз балалардың жас ерекшеліктеріне сай ән, тақпақ, билер таңдалып алынды. 8 наурыз халқаралық қыз-келіншектер мерекесін Ересектер «Звездочки» тобы, Ортаңғы «Улыбки», топтары, Кіші

«Капельки», топтарының сценарилері дайын. Ал 22 наурыз мерекелерінің іс-шарасына Ересектер «Звёздочки» тобы, Ортаңғы «Улыбки», «Капельки» топтарың сценарилері түзілді.

Шешімі:

1. № 3 әдістемелік кеңес шешімі қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Жас мамандардың шығармашылықпен іздену жұмыстары жандандырылсын.
3. «Гулдер алаңы!» қолөнер көрмесі қанағаттанарлық деп танылсын.
4. Ұлттық тәрбие негізінде іздену жұмыстары жандандырылсын.
5. Балабақша топтарының 8 наурыз халқаралық қыз-келіншектер және 22 наурыз мерекелерінің іс-шара жоспарлары бекітілсін.

Әдістемелік кеңес төрайымы:



У.О.Серибаева

Хатшы:



Г.О.Кошикбаева

Түркістан облысы Сарыағаш қаласы ЖШС «Радуга»бөбекжай балабақшасы

**Әдістемелік кеңес отырысың
Хаттама №5**

Уақыты: 25 мамыр 2025 жыл

Жүргізілу түрі: Кеңес

Әдістемелік кеңес төрайымы: У.О.Серибаева

Хатшы: Г.О.Кошикбаева

Қатысқадар:

№	Педагогтардың аты-жөні	Қызметі	Қолы
1.	У.О.Серибаева	Меңгеруші	
2.	А.Жұмабай	Тәрбиеші	
3.	Г.Бекмурзаева	Тәрбиеші	
4.	М.Жулдасова	Тәрбиеші	
5.	С.Бозорбаева	Тәрбиеші	
6.	М.Нурова	Тәрбиеші	
7.	А.Балабек	Тәрбиеші	

Күн тәртібінде:

1. № 4 әдістемелік кеңес шешімінің орындалуы.
2. Жылдық есепке дайындық.
3. Жазғы уақытқа сауықтыру шараларын түзу.
4. Қорытынды мониторинг қорытындысы.
5. Дамыту орталықтарын ұйымдастыру арқылы тәрбиеленушілерді дамыту.
6. Келесі жаңа 2025-2026 оқу жылына мақсат – міндеттер.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі : А.Балабек сөз алды № 4 әдістемелік кеңесте талқыланған мәселер бойынша жас мамандардың шығармашылықпен іздену жұмыстары жүргізілуде. «Гулдер алаңы!» қолөнер көрмесінде жасалған көрнекіліктерді топтардың қойылды . Ұлттық тәрбие негізінде іздену жұмыстары жан-жақты ізденіс барысында тәрбиешілер ұйымдастырылға іс-әрекеттерінде пайдаланып жатыр . Балабақша топтарының 8 наурыз халқаралық қыз-келіншектер және 22 наурыз мерекелерінің іс-шара жоспарлары бекітілген сценарилердегі жүйе бойынша жоғарғы деңгейде өткізілді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасының меңгерушісі: У.О.Серибаева сөз алды 2024-2025 оқу жылының

соңғы әдістемелік кеңесін ашық деп жариялады, қатысушыларды тізім бойынша түгелдеді. ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасында қазіргі таңда 3 топ, 70 балаға арналған. 2016 жылдың қыркүйек айынан бастап жұмыс жасап келеміз. Барлық педагог саны 6. Ересектер «Звёздочки» тобының тәрбиеленушілері мектеп жасына жеткендері мектеп табалдырығын аттайды яғни балалақшамен қоштасады, және бұл топта биыл 3 жасқа толық жасы жеткен балалар ортаңғы топтардан ауыстырылады. Алтын күз, 25 қазан Республика күні барлық топтар ата-аналардың қатысуымен ашық есік күнін өткізді. Жаңа жыл, 8-наурыз Халықаралық әйелдер мерекесін, 22-наурыз, 1-Мамыр бейтпітшілік мерекесін, 9-мамыр Жеңіс күнін, Қош бол балабақша, 1-Маусым Халықаралық балаларды қорғау күндерін барлық топта жас ерекшеліктеріне сәйкес атап өтті. Тәлімгер тәрбиешіден жас мамандар құжат толтыру, ертеңгіліктер өткізу, ата-аналар жиналысының хаттамаларын толтыру ата-анамен жағымды тығыз қарым-қатынас орнату жолдары мен толықтай танысқан.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі: апай сөз алды жазғы кесте түзу барысында барлық топтарды жаз мезгілі кезіндегі перспективалық жоспары мен циклограммаларын стандартқа сүйене отырып тәрбиешілер өздері ізденіп түзуге ұсыныс білдірді. Сауықтыру шаралары 3 айға түзіледі. Таңғы жаттығулар, ауа, күн, су ванналары. Жазғы маусым барысында суға шөгіп кетпеу т.б сол сияқты сақтық шараларымызды ескере кетуге міндеті екенімізді еске сала кетейін. Сол себепті ата-аналарға түсіндірме жұмыстарын видеороликтерді ватсап желісі арқылы таратып түсіндіру қажет екендігін айтып өтті.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі: М.Жулдасова апай сөз алды қорытынды мониторинг бойынша ересектер «Звёздочки» топтың балалары бастапқы мониторингте III деңгейдігі балалар қорытынды мониторингтің нәтижесіне сүйенсек I деңгейді меңгерген, әріптерді тани алады, 1-10 арасында тура және кері санай алады, өз бетінше әңгіме құрып, құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе алады. Балабақша тәрбиешісі: апай сөз алды ортаңғы «Улыбки» тобында қорытынды мониторинг нәтижесінде оқу жылының басындағы бастапқы, аралық мониторинг нәтижелерімен салыстырғанда балаларда әлде қайда жақсы жағына қарай өзгерістер бар екенін айтып өтті. Балабақша тәрбиешісі: апай сөз алды кіші «Капельки» тобының қорытынды мониторингіндегі нәтижелермен бөлісіп өтетін болсам, балаларда жақсы нәтижер бар жеке даму карта бойынша әрі қарайда жұмыс жүргізетінін айтып өтті.

Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасының меңгерушісі: У.О.Серибаева сөз алды мектепке дейінгі кезеңде баланың зияткерлік, жеке тұлға болып дамуы жүзеге аса бастайды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты осы жас кезеңінде тұлғаның қалыптасуы үшін қажетті алғашқы білім, білік және дағдыларын қалыптастыру. Мектепке

дейінгі ұйымдардың маңызды міндеті әр баланың шығармашылық қызметін қамтамасыз етуге, балаға өзін толық жетілдіруге және өзінің белсенділігін көрсетуге, балармен дамытушы ортаны ұйымдастыру арқылы тәрбиелеу жұмысының дамытушы әсерін арттыруға және педагогикалық үдерісті жетілдіруге мүмкіндік береді. Тәрбиеленушіредің сөзік қорын молайту, ой өрісін дамыту жеке тұлға етіп тәрбиелеу мына біздің ең басты парызымыз болып табылады. Біздің балабақшада әдістемелік жұмысты жетілдіру бойынша жұмыстар жан-жақты қарастырылған. Тәрбиешілерді тәлімгерлік ету арқылы ұйымдастырылған іс-әрекетін жоспарлауды, жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана білуді, іс-әрекетті зерделеуді, өз ісіне баға бере отырып, әлсіз және мықты жақтарын айқындап мерекелік іс-шараларды ұйымдастырып, өткізуге көмектесу болатын.

Күн тәртібіндегі алтыншы мәселе бойынша ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі: С.Бозорбаева сөз алды келесі жаңа оқу жылында педагогтар яғни біздер өзіндік білім жетілдіру жұмыстарын жандандыру арқылы тәрбиеленушілерге заман талабына сай білім мен тәрбие беру, өзіндік білім жетілдіру мақсатында жалпы педагогикалық және психологиялық білімді оқып-үйрену, жаңаша білім мазмұнына сай құжаттарды толық толтыруды меңгереміз деген мақсаттамыз. Тәлімгер апайлар жас мамандармен тығыз байланыста болып, тәлімгерлік жұмыстарының нәтижелерін көрсетеміз деген орасан зор мақсаттамыз.

Шешімі:

1. № 4 әдістемелік кеңес шешімінің қанағатанарлық деп танылсын.
2. Жылдық есепке дайындық .
3. Жазғы уақытқа сауықтыру шараларын жұмыстары қарқынды жүргізілсін.
4. Қорытынды мониторинг қорытындысы қанағатанарлық деп танылсын .
5. Дамыту орталықтарын ұйымдастыру арқылы тәрбиеленушілерді дамыту жұмыстары жандандырылсын.
6. Жаңа 2025-2026 оқу жылына қойған мақсат – міндеттеріне жетуге дайындалсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы:



У.О.Серибаева

Хатшы:



Г.О.Кошикбаева

Түркістан облысы Сарыағаш қаласы ЖШС «Радуга»бөбекжай балабақшасы
№5 әдістемелік кеңеске педагогтардың қатысуын тіркеу

Жүргізілу түрі: Дөңгелек үстел
Күні: 25.05.2025ж

№	Педагогтардың аты-жөні	Қызметі	Қолы
1.	У.О.Серибаева	Меңгеруші	
2.	Г.Бекмурзаева	Тәрбиеші	
3.	М.Жулдасова	Тәрбиеші	
4.	С.Бозорбаева	Тәрбиеші	
5.	М.Нурова	Тәрбиеші	
6.	А.Балабек	Тәрбиеші	